

Ураны бар шикізат беру және сату туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрі орынбасарының ӨКІМІ 1995 жылғы 22 ақпан N 8-5ө

1. "КАТЭП" атом энергетикасы мен өнеркәсібі жөніндегі Ұлттық акционерлік компаниясы мен Қарабалта /Қырғыз Республикасы/ тау-кен комбинаты ұсынған 1994 жылы және 2000 жылға дейінгі кезеңде құрамында ураны бар шикізат беру және сату үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы 1994 жылғы 21 маусымдағы Келісімге сәйкес құрылған "Мойынқұм" қазақ-қырғыз бірлескен кәсіпорны жөніндегі құрылтайшы келісім-шарт мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі "Мойынқұм" бірлескен кәсіпорны жұмысты орындаған кезде республика мүддесінің сақталуын бақылауды қамтамасыз етсін.

Премьер-министрдің
орынбасары